Бекітемін
Мектеп директоры:
А.Ж.Достанова __________
“_29_” ______ 2024ж.

Келісемін
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары:
А.А.Ильясова
____________________
“_29_” _08_____ 2024ж

ӘБ отырысында қаралды
ӘБ жетекшісі:
А.Ж.Умарова
____________________
“_28_” _08_____ 2024ж.

« Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББОМ»

КММ-нің мектепалды сыныбының тәрбиешісі

Куразбекова Айгул Конысбаевнананың

перспективалық жоспары

**2024-2025 оқу жылы**

Бекітемін
Мектеп директоры
А.Ж.Достанова ____________
“_29_” ________2024ж.

Келісемін
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары:
А.А.Ильясова
____________________
“_29_” _08_____2024ж

ӘБ отырысында қаралды
ӘБ жетекшісі:
А.Ж.Умарова
____________________
“_28_” _08_____2024ж.

« Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББОМ»

КММ-нің мектепалды сыныбының тәрбиешісі

Шалабаева Мирамхат Фазылбековнаның

перспективалық жоспары

2024-2025 оқу жылы

## ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесінің бастапқы деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады (Заңның 30-бабы). Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған. Модельді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды (5-6 жас) тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын дайындау — уақыт сұранысына айналды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Бағдарламаның мазмұны баланың жеке жас ерекшелігінің мүмкіншіліктерін ашуға, бала тұлғасын жан-жақты дамытуға, жалпыадамдық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім жүйесін қалыптастыруға, әлеуметтік ортада оң қатынастарға қабілетті шығармашыл тұлғаны дайындауға бағытталған мектепке дейінгі ересек жас балаларын тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттарын шешуді көздейді.

**Бағдарламаның міндеттері:**

 - жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау;
 - дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру;
 - жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
 - мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету;
 - балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру;
 - инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану;
 - балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу;
 - балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру:
 - баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады

.Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру

мынадай негізгі педагогикалық **ұстанымдарға** сүйенеді:

**- мәдени сәйкестілік ұстанымы –** аймақтық, ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарды пайдалану арқылы балалар ұйымының жұмысын мәдени орталық қатынас жасау арқылы ұйымдастыру;

**- тәрбиелей отырып оқыту** – баланың нақты ақыл-ойы мен тәжірибелік әрекетін іске асыра отырып, оның бойынаұйымшылдық, тәртіптілік, ұқыптылық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру;

**- жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктеріне байланысты қатынас жасау** – балалардың жасы мен субъективті тәжірибесіне сәйкес тақырып мазмұны мен жұмыс тәсілдерін таңдау;

**- жүйелілік** – оқу материалын таңдау мен оны дұрыс жеткізу, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын байыту;

**- түйсіну мен белсенділік ұстанымы** – балалардыңоқу материалын дұрыс түсінуі, қабылдауы мен ақыл-ойының, танымдық үдерісінің дамумәселелерін қарастырады;

**- қызметтік қатынас ұстанымы** – оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бала әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларына танымдық компоненттерді кірістіре отырып жүргізуді көздейді;

**- адамгершілік ұстанымы** – педагогтің бала пікірімен санасып, оның сезімі мен көңіл күйін ескеріп, өзіне тең құқылы серіктес ретінде қабылдай отырып, бойына жоғары адами құндылықтар – отаншылдық, туған жерге деген махаббат сезімін дарыту;

**- көрнекілік ұстанымы** – оқытудың эмоционалдық және көрнекілік технологияларын үйлесімді қолдану арқылы қоршаған әлемді қабылдау мен тануға мүмкіншілік туғызу;

**-креативтілік ұстанымы** – мектепке дейінгі балалардың бойында бұрын қалыптасқан дағдыларын өзіндік іс-әрекет жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін арттыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу. Сол арқылы қалыптан тыс міндеттер мен проблемалық жағдайлардың шешімін өздігінен таба білу қажеттіліктерін қолдап, одан әрі жетілдіруге ынталандыру.

Мектепке дейінгі ересек жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытудың қорытынды **нәтижесі** - үлкендермен және құрдастарымен қалыпты қарым-қатынаста бола алатын, негізгі құзыреттілікті және дене тәрбиесі, салауатты өмір салты негіздерін меңгерген, мектепте оқуға дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама **бес білім беру саласын** қамтиды және мектепте білім алуға бағытталған баланың әлеуеттік мүмкіндігін ашуды көздейді.

Әр саланың мазмұны төмендегідей **құзыреттіліктерді** қалыптастыруға бағытталған:

**- денсаулық сақтау;**

**- коммуникативтік-тілдік;**

**- танымдық;**

**- шығармашылық;**

**- әлеуметтік.**

Бағдарламаның мазмұнын іске асыру – белгілі бір мақсатқа бағытталған, бір-бірімен тығыз байланысты дербес бөлімдерден тұратын білім беру салаларының жұмысын жүргізу болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
**2024-2025** оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының ұйымдастырылған перспективалық жоспары
**Мектепалды даярлық тобы**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | Негізгі қимылдар.<br>**Жүру:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүру, жүруде тепе-теңдікті сақтайды;<br>**Жүгіру:** әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіру, шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: заттардың арасымен төрттағандап еңбектейді; әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өту;<br>**Секіру**: бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді; заттардың арасымен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді; тұрған орнында айналып секіру;<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алу; допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алу;<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** бір қатарға бір-бірден тұра алады, бір орында бұрылу;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасау;<br>**Қимылды ойындарды** ұйымдастыруда бастамашылдық таныту, ойын ережелерін сақтау; ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысу;<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);<br>**Арқаға арналған жаттығулар**: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),<br>**Аяққа арналған жаттығулар**: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет);<br>**Спорттық жаттығулар**. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу<br>**Спорттық ойындар**.<br>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру.<br>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру..<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру**. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту<br>Гигиеналық шараларды өз бетінше орындау; шынықтыру шараларының маңызы мен қажеттілігін түсіну; гигиеналық шараларды жүргізуде бір-біріне көмектесу; өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын білу; салауатты өмір салтының құндылығын түсіну. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | ***Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айту; сөздегі дыбыстардың орнын анықтау; айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айту; артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық таныту; сөздерге дыбыстық талдау жасау; сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану; зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстыру; қазақ халқының құндылықтарын құрметтеу; хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолдану; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | *** **Шығармалардың** мазмұнын эмоциямен қабылдау; себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады; өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқу; мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады; кітаптарға қызығушылық таныту; кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; |
| | **Сауат ашу негіздері** | ***Сөздің** мағынасын түсіну; сөздерге дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау; сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтау; берілген буынға сөз құрастыру; сөздегі буындардың санын анықтау; қаламды дұрыс ұстау; жазу парағында бағдарлау. |
| | **Қазақ тілі** | ***Қоршаған** ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіру; ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдану; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айту; сөздегі дыбыстардың орнын анықтау;<br>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға баулу; |
| | **Математика негіздері** | ***Жиынды** сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құру; жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру;<br>**Сан және санау**: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санау; "Қанша?", "нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру; теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығару; әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыру (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы); заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтау; заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру; заттарды салыстыру; |
| | **Сурет салу** | ***Заттардың** жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіну; тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізу; түстерді өз қалауы бойынша таңдау; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу; өз жұмысының нәтижелерін бағалау; сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады; парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады; жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару; жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Мүсіндеу** | ***Сазбалшық,** ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін білу; шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу; қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу; мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану; қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіру; біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру;<br>Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | *** **Қайшымен** түрлі геометриялық пішіндерді қию; таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию; қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын тану, оларды қиып жапсыру, ою-өрнектермен безендіру; жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіру; бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастыру; сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру; жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқару;қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер қиып алу;<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| | **Құрастыру** | ***Ұсынылған** тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыру; құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыру; өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолдану; бейнені кескіні бойынша қияды; қалдық және табиғи материалдан құрастыру; көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасау;<br>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға мүмкіндік беру. |
| | | ***Музыкаға** қызығушылық пен сүйіспеншілік таныту; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтады; қарапайым музыкалық жанрларды ажырату (күй, ән, би, марш); әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алу, бірінші октаваның "ре" екінші октаваның "до" диапазонында жеңіл дауыспен ән айту; әннің сөзін анық айту, музыка сипатын қабылдау және жеткізу; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Музыка** | шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады; қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау; әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды; музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнату; музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | *** **Өзінің** болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсіну; еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну; өз күші мен мүмкіндіктеріне сендіру, туыстық байланыстарды түсіну, жеті атасын білу; үлкендерді сыйлау, кішіге қамқорлық таныту; қолынан келгенше көмектесу; отбасы мүшелерін жақсы көру, оларға алғыс айту, сыпайы сөйлеу; өз ойын түсінікті жеткізу, өзінің пікірін айту; заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау; ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу; айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын білу және оларға ұқыпты қарауға тырысу; Мемлекеттік рәміздерді білу; мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсенділікпен қатысу. өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету;<br>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну;<br>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну;<br>Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту,<br>. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу;<br>Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту;<br>Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.<br>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау,<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту**.** |
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | *****Жүру**: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру,<br>**Жүгіру**: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша" жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу;<br>**Секіру**: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр),<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа** бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру;<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.<br>**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);<br>**Арқаға арналған жаттығулар:** отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу ( 3 метр).<br>**Спорттық ойындар.**<br>**Баскетбол элементтері**. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру;<br>**Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.** Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | *** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету;<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасау.** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.** Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру , дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу;<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.<br><br>*** **Балаларды** қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту;<br>**Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау**. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту;<br>**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.** Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру.<br><br>*** **Сөздің** мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Буын**: буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;<br>**Сөйлем**: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу<br>**Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру . Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | *** **Тілдік дамытушы орта**. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Сөздік қор.** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздерді дұрыс айту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу**. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сауат ашу негіздері**<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Сурет салу**<br><br>**Мүсіндеу** | қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br><br>***__Жиын__: Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату;<br>**Сан және санау.** Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру.<br>**Шама.** Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>**Геометриялық фигуралар** : геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру;<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.<br>**Уақытты бағдарлау.** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.<br>**Жазу дағдылары**: Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>*** **Сурет бойынша**: Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді; түстерді өз қалауы бойынша таңдайды; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады; сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады; парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату;<br>**Қазақ ою-өрнектерінің** түрлері ("түйетабан", "құсқанаты", "құстұмсық", "жапырақ", "жауқазын", "жетігүл", "жұлдызгүл") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту<br>**Ұжыммен** бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br><br>***__Мүсіндеу бойынша__: таныс заттарды өз бетінше мүсіндеу; қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді; мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану. . Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу Қауіпсіздік ережесін сақтау.<br><br>***__Жапсыру бойынша:__ таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіру;<br>**Қайшыны қолдануды бекіту**: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау;<br><br>***__Құрастыру бойынша__: өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады; бейнені кескіні бойынша қияды; қалдық және табиғи материалдан құрастырады; көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасайды. дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру;<br>Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу<br><br>*** **Музыка**: музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады; |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Музыка**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды. Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту; билер, музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.<br><br>*** **Бала, оның отбасы, үйі.** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну . Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.<br>**Еңбекке баулу**. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға тәрбиелеу.<br>**Жол қозғалысы ережелері**. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>**Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыру.<br>**Жануарлар әлемі**. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>**Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін үйрету.<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы;** үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес" , "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу;** өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Мобильді құрылғыларды қолдану** кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).<br><br><br>*****Жүру**: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру, заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру. тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру,<br>**Жүгіру**: кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа ( ұзындығы 20 метр) жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен "жыланша " төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу.<br>**Секіру**: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 |

| | | |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене шынықтыру** | метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру ( арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру.<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа** бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.**. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.<br>**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>**Арқаға арналған жаттығулар:** отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу ( 3 метр).<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**Велосипед, самокат тебу.** Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br>**Спорттық ойындар: Бадминтон.** Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.<br>**Футбол элементтері.** Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>**Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері:** дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру:** оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету** және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>***. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасау.** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. **Сөздік қор**. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. **Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, "Асар", "Сүйінші сұрау" дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. **Байланыстырып сөйлеу**. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеулі дамыту**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Сауат ашу негіздері** | әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br><br>*** **Көркем әдебиет.** Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), **Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау**. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.**. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру.<br><br>*** **Сауат ашу негіздері.**. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Буын:** Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Сөйлем**:Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Қолды жазуға дайындау.** Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br><br>*** **Тілдік дамытушы орта**. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарын атау.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор.** Қазақ халқының азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым , сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**265. Байланыстырып сөйлеу.** Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру.<br><br>*** **Жиын.** Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. "Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Сан және санау.** "Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, 0 ден 9 дейінгі цифрлармен жұмыс.<br>**Шама.**. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. **Кеңістікті бағдарлау**. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**276. Уақытты бағдарлау.**. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін (" алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. **Жазу дағдылары:** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Сурет салу**<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**Жапсыру** | *****Сурет салу**: Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу.<br>**Қазақ оюөрнектері**. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.<br>**Ұжыммен** бірге жұмыс істеу. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстау.<br><br>*****Мүсіндеу**: Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау) таныстыру.<br><br>*** **Қайшыны қолдануды бекіту**: Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.<br><br>***. **Құрастыру**. Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану.<br><br>*****Музыка.**. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру.<br><br>*** **Бала, оның отбасы, үйі**. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.**. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Еңбекке баулу.** Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.<br>**Жол қозғалысы ережелері**. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. "Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", " Тройллебус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы", "Велосипедке арналған жол ( электросамокат, гироскутер, сигвей)" жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Табиғатпен таныстыру**. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. **Өсімдіктер әлемі.** Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су |

| | | |
|---|---|---|
| | **Құрастыру**<br><br>**Музыка**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. **Жануарлар әлемі**.<br>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>**Қарапайым экологиялық ұғымдар:** Табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы;** Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес" , "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. **Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру**.<br>Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.<br>**Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу;** өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br><br>***Жүру:** Тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.<br>**Жүгіру:** жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа ( ұзындығы 20 метр) жүгіру.<br>**Секіру**: Бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру ( арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: Заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату.<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею.<br>**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет)<br>**Арқаға арналған жаттығулар:** отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау.<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет)<br>**Шанамен сырғанау.** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Шаңғымен жүру**. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау.<br>**Спорттық ойындар. Хоккей элементтері.** Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>**Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.** Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.<br><br>*** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасау.** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. (тілге,дыбысқа арналған жаттығулар жасау)<br>**Сөздік қор**. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және |

| | | |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Сөйлеулі дамыту** | берілген әрекетке заттарды таңдай білу. **Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.** Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауда сөздерді дұрыс қолданып сөйлеуді дамыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру.<br><br>*** **Көркем әдебиет.** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамытуды жалғастыру. **Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау**. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту,<br>Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br><br>*** **Сауат ашу негіздері.**. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Буын:** Буындардан сөздер құрастыру (ауызша), буынның санын анықтау. **Сөйлем**. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерді сақтау . Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білу. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br><br>*** **Тілдік дамытушы орта**.. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айту.<br>**Сөздік қор**. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдану.<br><br>*** **Жиын.**"Бір" сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Сан және санау.**. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Шама.**. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>**Геометриялық фигуралар.** Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру. **Кеңістікті бағдарлау.** Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Уақытты бағдарлау.** Оқиғалардың ретін (" алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.Тәулік бөліктерін атауды бекіту.<br><br>*** **Бояулармен** жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).<br>**Қазақтың ою-өрнектері**: Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру.<br>**Ұжыммен**: Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| | **Сауат ашу негіздері** | ***Туған өлкедегі** мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру. |
| | | ***. **Қайшыны қолдануды бекіту**:. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. **Қауіпсіздік ережесі**: Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| | **Қазақ тілі** | ***Дайын үлгілермен** және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру , дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. |
| | **Математика негіздері** | *** **«Күй»** жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.<br>**Ән айту**. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру.<br>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. |
| | **Сурет салу** | *** **Бала, оның отбасы, үйі.** Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау**. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. **Көлік, байланыс құралдары.** Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Еңбекке баулу.** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік мерекесі, Жаңа жыл) ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Жол қозғалысы ережелері**. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту, жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Табиғатпен таныстыру**. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.<br>**Өсімдіктер әлемі** . Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Жануарлар әлемі**.. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу**<br><br>**Жапсыру**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Музыка**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | маймыл) бойынша топтастыру.<br>**Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы білуді жалғастыру.<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы;** үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес" , "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру**. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.<br><br>*****Жүру**. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.<br>**Жүгіру**. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы "жыланша" жүгіру.<br>**Еңбектеу,өрмелеу**. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен "жыланша " төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу.<br>**Секіру**. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр).<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату.<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа** бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар.** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.<br>**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет).<br>**Арқаға арналған жаттығулар:** отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу ( 3 метр).<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет).<br>**Шанамен сырғанау.** Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.<br>**Шаңғымен жүру**. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу.<br>**Қимылды ойындар.** Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>**Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысу. (спортзалда: арқан тартыс, қол күрес,т.б)<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету** және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br><br>*** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтуын қадағалау.<br>**Артикуляциялық  жаттығуларды** жасауға қызығушылық таныту.Дауыс ырғағын реттеу.<br>**Сөздік қор**. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.** Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, қазақ халқының құндылықтарын құрметтеуге баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай |

| | | |
|---|---|---|
| **Қаңтар 2025ж** | **Дене шынықтыру**<br><br>**Сөйлеулі дамыту** | және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br><br>***Көркем әдебиет.**. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br>**Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау**. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамытуды жалғастыру.<br>**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.**Өлеңді мәнерлеп жатқа айту, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу.<br><br>***Сауат ашу негіздері**. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауға байланысты тапсырмаларды орындау.<br>**Буын**, Суреттегі сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>**Сөйлем.** 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрастыру.Көрсетілген суретке байланысты сөйлем құрауға баулу.<br>**Жазу дағдылары.** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br><br>*** **Тілдік дамытушы орта**. Ауызекі сөйлеуді дамытуды жалғастыру, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету. Тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.Тыныс алу жаттығуларын, тіл жаттығуларын жасату.<br>**Сөздік қор**. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білу.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізу.Ертегілерді өз бетінше әңгімелеуге баулу.<br><br>*** **Жиын.** Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жалпы жиын туралы түсінігін кеңейту, тапсырмалар орындау.<br>**Сан және санау**. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Логикалық тапсырмалар, ойындар ойнату.<br>**Шама**. Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.<br>**Геометриялық фигуралар**. Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.Пазлдар құрастыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау**. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Уақытты бағдарлау**. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. Апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауын бекіту.<br><br>*** **Жаңа түстер** (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы қазақ ою-өрнектерінің түрлерін салу, оюды өз бетінше ойдан салуын жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | ***Қазақ ою-өрнектері.** Ою-өрнектерді пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру.<br>**Ұжыммен**. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| | **Көркем әдебиет** | ***Тұрмыстық** заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру.<br>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Сауат ашу негіздері** | *** **Қайшыны қолдануды бекіту.** Жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| | **Қазақ тілі** | ***Табиғи, қалдық** материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру , дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу.<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.<br>Дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. |
| | | *** **Лирикалық**, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке **ән айту дағдыларын** дамыту.<br>**Билер**. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында** қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауды жалғастыру, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерін жетілдіру. |
| | **Математика негіздері** | *** **Бала, оның отбасы, үйі.** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру.<br>**Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.** Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсінуді бекіту.<br>**. Көлік, байланыс құралдары.** Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуге байланысты өзіндік бақылау жасауға баулу. Көлік жүргізушілердің еңбегін құрметтеу.<br>**Еңбекке баулу**. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білу. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**. Жол қозғалысы ережелерін білуді жалғастыру**. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.<br>**Табиғат.** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуді бекіту. |
| | **Сурет салу** | **Бөлме өсімдіктері**. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>**Жануарлар әлемі**. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу**<br><br>**Жапсыру**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Музыка**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | маймыл) бойынша топтастыруға арналған ойын-тапсырмаларды орындау.<br>**Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы;** үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес" , "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу;** өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Мобильді құрылғыларды қолдану** кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу.<br><br>*** **Жүру:** сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру. (таза ауада)<br>**Жүгіру**.Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа ( ұзындығы 20 метр) жүгіру.Жарыс элементтері бар қимылды ойындар ойнату.<br>**Еңбектеу, өрмелеу**. Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу жаттығуларын жасауды жалғастыру.(спорт залда)<br>**Секіру**. Арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. .(спорт залда)<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. .(спорт залда)<br>**Сапқа түзеу**. Сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу.<br>Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу ( 3 метр).<br>Аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**Шанамен сырғанау.** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Шаңғымен жүру**. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу.<br>**Спорттық ойындар. Хоккей элементтері.** Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру**. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету** және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауға баулу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | *****Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту.<br>**Артикуляциялық жаттығулар жасау.** Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.** Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау.<br><br>*** **Көркем әдебиет.** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету.<br>**Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау**.. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру.<br><br>*****Сауат ашу негіздері.** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Буын.** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Сөйлем.** Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Қолды жазуға дайындау.** Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерін сақтау . Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйретуді жалғастыру.<br>*** **Тілдік дамытушы орта**. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Сөздік қор.** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерді дұрыс қолдануға баулу. Тапсырмалар орындау.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.<br><br>*****Жиын.** Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруға арналған тапсырмалар орындауда белсенділік көрсету.<br>**Сан және санау.** Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Шама**. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру, логикалық тапсырмалар орындау.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Түрлі ойындар ойнату арқылы дамыту.<br>**Уақытты бағдарлау.** Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсініктерін кеңейту, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін (" алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтауды жалғастыру.<br>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызу, сан элементтерін салу.<br><br>***Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.<br>**Қазақ ою-өрнектерінің** түрлері ("түйетабан", "құсқанаты", "құстұмсық", "жапырақ", "жауқазын", "жетігүл", "жұлдызгүл") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. |
| | **Сөйлеулі дамыту** | *** **Затқа** қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.<br>Жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br><br>*** **Қайшыны қолдануды бекіту**: Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.<br>Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br><br>*** **Табиғи** (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. |
| | **Көркем әдебиет** | *****Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.<br>Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. |
| | **Сауат ашу негіздері** | *** **Бала, оның отбасы, үйі.** Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Туыстық байланыстарды түсінуді жалғастыру, есте сақтау (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білуді бекіту. |
| | **Қазақ тілі** | **Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау**. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлауды бекіту.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>**Еңбекке баулу.** Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларды өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулуды жалғастыру.<br>**Жол қозғалысы ережелері**. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. "Балалар", "Автобус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы"<br>**Табиғат**. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың |

| | | |
|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | маңызын түсінуді бекіту.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту.<br>**. Жануарлар әлемі**.. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.<br>**Қарапайым экологиялық ұғымдарды,** Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау керектігін ұғындыру.<br>**Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру**.<br>Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау. |
| | **Сурет салу** | *** **Жүру;** тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.<br>**Жүгіру.** екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу.<br>**Секіру**: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: қардан домалақ жасап жоғары, төмен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу.<br>**Спорттық жаттығулар.** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**Спорттық ойындар. Бадминтон**. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.<br>**Қимылды ойындар**. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>**Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету** және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. |
| | **Мүсіндеу** | |
| | **Жапсыру**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Музыка** | *****Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуын бекіту.<br>**Сөздік қор**. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, **«Асар», «Сүйінші сұрау»** дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | *** **Көркем әдебиет**. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>*** **Сөздерді дыбыстық талдау:** сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Буын.** . Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**Сөйлемді** ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу.<br>**Жазу дағдылары**. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді |

| | | |
|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене шынықтыру**<br><br>**Сөйлеуді дамыту** | олардың арасындағы арақашықтықты сақтау.<br><br>*** **Тілдік дамытушы орта.** Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>**Сөздік қор**. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін сөздерді дұрыс айту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу.<br><br>*** **Жиын.** Түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан жиын құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.<br>**Сан және санау.** Есеп шығару. Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Шама.** Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Кеңістік туралы түсініктерді бекіту.** Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Уақытты бағдарлау**. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.<br><br>*** **Парақта** кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады)<br>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде)<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br><br>*** **Заттардан** қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br><br>*** **Қайшыны қолдануды бекіту.** Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br><br>*** **Қазақ халқының** табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнау.<br><br>*** Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларын тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыруды жалғастыру.<br>Би өнері. дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру. Балаларға «Қаражорға» биін билету.<br>Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) |

| | | |
|---|---|---|
| | | және шулы аспаптарда ойнау.<br>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. |
| | | *****Бала,отбасы**. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. |
| | | **Заттық әлем.** Кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау. |
| | | **Көлік, байланыс құралдары**. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын әңгімелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | **Еңбекке баулу**. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы әңгімелеу. |
| | | **Адамгершілік және патриоттық тәрбие**. Адамгершілік құндылықтарды, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білу.<br>Наурыз мерекесі. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. |
| | | **Жол қозғалысы ережелері**. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Сауат ашу негіздері** | **Табиғатпен таныстыру** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. |
| | | **Өсімдіктер әлемі**. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. |
| | **Қазақ тілі** | **Жануарлар әлемі.** Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу. |
| | | **Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережеле**рін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). |
| | **Математика**<br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | ***** Жүру**. Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. |
| | | **Жүгіру. ,** кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру. |
| | | **Еңбектеу,өрмелеу**. бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. |
| | | Секіру. 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. |
| | | **Лақтыру, қағып алу, домалату** .2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру. |
| | | **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру**: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру. |
| | | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. |
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. |
| | **Сурет салу** | **Кеудеге арналған жаттығулар**. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. |
| | | **Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар**: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет). |
| | | **Арқаға арналған жаттығулар**: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). |
| | | **Аяққа арналған жаттығулар**: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); |
| | **Мүсіндеу** | **Спорттық ойындар**. **Баскетбол** элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br><br><br>**Жапсыру**<br><br><br><br><br><br><br>**Құрастыру**<br><br><br><br><br><br>**Музыка**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Дене шынықтыру** | **Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуды баөқылау.<br><br>*** **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Сөздік қор**. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** .Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br><br>*****Көркем әдебиет**. Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуды дамыту.<br><br>*** **Дауысты және дауыссыз** дыбыстарды анықтау.<br>Сөздерді буындарға бөлу.<br>Сөйлемді ауызша талдау.<br>. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білу. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояуды бекіту.<br><br>*** **Тілдік дамытушы орта**. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>Сөздік қор. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату.<br><br>***Жиын. жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруды жалғастыру,тапсырмалар орындау.<br>**Сан және санау**. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**Теңдік туралы түсінік қалыптастыру**, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру, есеп шығару.<br>**Шама**. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>**Геометриялық фигуралар** .Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>**Кеңістік туралы түсініктерді бекіту** .Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Уақытты бағдарлау** .Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау, тапсырмалар орындау.<br><br>*** **Заттардың** пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.<br>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту.<br>Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| **Сәуір** | **Сөйлеуді дамыту**<br><br>**Көркем әдебиет**<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br><br>**Қазақ тілі**<br><br>**Математика**<br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.**<br><br>**Сурет салу** | *** **Бақылаған** заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.<br>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.<br>Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br><br>*** **Қайшыны қолдануды бекіту**: Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу<br><br>*** **Құрылыс** материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.<br>Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнау.<br><br>*** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Музыка тыңдау.<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындау.<br><br>***Бала. Отбасы. Болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.<br>Заттық әлем. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.<br>**Байланыс құралдары**. Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Еңбекке баулу. табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқару.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.<br>**Жол қозғалысы ережелері**. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Табиғат.** Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.<br>**Өсімдіктер әлемі**. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту.<br>. **Жануарлар әлемі**. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау.<br>**Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері** туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білу.<br><br>***Жүру.** Гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.<br>**Жүгіру:** шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, |

| | | |
|---|---|---|
| | Мүсіндеу<br>Жапсыру<br>Құрастыру<br>Музыка<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Дене шынықтыру | кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр).<br>**Секіру**: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр).<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату**: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру.<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру**: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. 72 Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар**. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру.<br>**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар**: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет)<br>**Арқаға арналған жаттығулар**: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет).<br>**Аяққа арналған жаттығулар**: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет)<br>**Велосипед, самокат тебу**. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.<br>**Спорттық ойындар.. Футбол элементтері**. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.<br>**Қимылды ойындар**. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>**Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.** Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br><br>***Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу**.**<br>**Сөздік қор**. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту . Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br><br>***Көркем әдебиет**. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Көркем әдебиет**<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Қазақ тілі**<br>**Математика**<br>**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.** | ***. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Жазу дағдылары.** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтау.<br><br>*** **Тілдік дамытушы орта.** Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>Сөздік қор. отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу.<br><br>*****Жиын.** Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Сан және санау**. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Шама**. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру.<br>**Геометриялық фигуралар**. . Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>**Кеңістік туралы түсініктерді бекіту** .Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>**Уақытты бағдарлау** . Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br><br>*****Балалардың суретте** қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салу.<br><br>***. **Ертегілер** мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын 88 жетілдіру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br><br>*** **Қайшыны қолдануды бекіту.** жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.<br><br>*** **Шығармашылық** қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сурет салу**<br><br>**Мүсіндеу**<br><br>**Жапсыру**<br><br>**Құрастыру**<br><br>**Музыка**<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру** | *** **Музыкалық** фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке **ән айту дағдыларын дамыту**. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**. Жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. **Билер**. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br><br>***. **Бала, оның отбасы, үйі.** Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.<br>**Заттық әлем. К**еңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну.<br>**Көлік туралы.**. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын әңгімелеу, түрлерін атау.<br>**Еңбекке баулу.** Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.Өз құралдарына ұқыпты қарау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білу. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні, Республика күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.<br>**Жол қозғалысы ережелері**. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.<br>**Табиғат.** Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Өсімдіктер әлемі.** гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі жайлы әңгімелеу.<br>**Жануарлар әлемі.** Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.<br>**Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережеле**рін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу).<br>**Мобильді құрылғыларды** қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). |